

2026 жылға арналған ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары санының екі-төрт пайызы мөлшерінде квота белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2025 жылғы 5 желтоқсандағы № 319 қаулысы
Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі – осы қаулының 3-тармағымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 27-бабы 2-тармағына, Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 18-бабы 7-тармақшасына және 107-бабының 2-тармағына, "Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек министрінің 2023 жылғы 7 маусымдағы № 207 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 32737 болып тіркелді) бекітілген Мүгедектігі бар адамдар үшін жұмыс орындарын квоталау қағидаларының 5-тармағына сәйкес Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі
ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес 2026 жылға арналған ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары санының екі-төрт пайызы мөлшерінде квота белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Солтүстік Қазақстан облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

3. Осы қаулы 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан облысының әкімі

Ғ. Нұрмұхамбетов

Солтүстік Қазақстан облысы
әкімдігінің

2025 жылғы "05" желтоқсандағы

№ 319 қаулысына

қосымша

2026 жылға арналған ауыр жұмыстардағы, еңбек жағдайлары зиянды, қауіпті жұмыстардағы жұмыс орындарын есептемегенде, мүгедектігі бар адамдарды жұмысқа орналастыру үшін жұмыс орындары санының екі-төрт пайызы мөлшерінде квота

Ұйым атауы	Жыл басындағы қызметкерлердің тізімдік саны (адам)	Квота мөлшері (қызметкерлердің тізімдік санынан %) 2-4%	Белгіленген квота мөлшері (адам)
1	2	3	4
Айыртау ауданы			

"Баянтай" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	110	3	3
Ақжар ауданы			
"Ақ-Ниет-Агро и К" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	70	2	1
Аққайың ауданы			
"Солтүстік Қазақстан ауыл шаруашылығы тәжірибе станциясы" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	250	3	8
Есіл ауданы			
"Солтүстік Қазақстан облысы Есіл ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	72	2	1
Қызылжар ауданы			
"Солтүстік Қазақстан облысы Қызылжар ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	105	3	3
Мамлют ауданы			
"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Мамлют ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Афонькин орта мектебі" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	50	2	1
"Қызыласкерское" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	50	2	1
Ғабит Мүсірепов атындағы аудан			
"Ишим-Гарант" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	64	2	1

"ПМК-5" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	80	2	1
Тайынша ауданы			
"Элеватор Тайынша" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	188	3	6
Тимирязев ауданы			
"Сағат СК" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100	2	2
Уәлиханов ауданы			
"Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің білім басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі " Уәлиханов ауданының білім бөлімі" коммуналдық мемлекеттік мекемесінің "Кішкенекөл қазақ мектеп-гимназиясы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	59	2	1
Шал ақын ауданы			
"Агросевер" жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	100	2	2
Петропавл қаласы			
"Ивушка" бөбекжай-бақшасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесі	77	2	1
"ЛОРД" дарынды балаларға арналған облыстық мамандандырылған мектеп-лицей-интернаты " коммуналдық мемлекеттік мекемесі	111	3	3